

**Халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне ақшалай көтермелеудің мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 152 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 11 тамыздағы № 670 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.08.2023 № 670 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне ақшалай көтермелеудің мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 27 наурыздағы  
№ 152 қаулысымен  
бекітілген

**Халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне ақшалай көтермелеудің мөлшері**

Р/с №	Халықаралық спорттық	Иеленген орны	Спортшыларды теңгеге барабар АҚШ долларымен ақшалай көтермелеу мөлшері	Жаттықтырушыларды теңгеге барабар АҚШ долларымен
----------	----------------------	---------------	--	--

	жарыстардың атауы			а қ ш а л а й көтермелеудің жалпы мөлшері	
1	2	3	4	5	
1.	Жазғы, қысқы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары	1-орын	250000	250000	
		2-орын	150000	150000	
		3-орын	75000	75000	
		4-орын	30000	30000	
		5-орын	10000	10000	
		6-орын	5000	5000	
2.	Әлем чемпионаты (ересектер арасында) : олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша	1-орын	15000	10000	
		2-орын	7000	5000	
		3-орын	5000	3000	
		олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша	1-орын	2300	2300
		2-орын	1800	1800	
		3-орын	1100	1100	
3.	Жазғы, қысқы Азия ойындары, А з и я Паралимпиадалық ойындары	1-орын	10000	5000	
		2-орын	5000	3000	
		3-орын	3000	2000	
4.	Жазғы, қысқы Дүниежүзілік Универсиада	1-орын	15000	15000	
		2-орын	10000	10000	
		3-орын	5000	5000	
5.	Жасөспірімдердің жазғы, қысқы Олимпиада ойындары	1-орын	10000	5000	
		2-орын	5000	3000	
		3-орын	3000	2000	
6.	Олимпиадалық, паралимпиадалық спорт түрлері бойынша Азия чемпионаты	1-орын	2300	2300	
		2-орын	1400	1400	
		3-орын	900	900	
7.	Олимпиадалық, паралимпиадалық спорт түрлері бойынша (жастар арасында) әлем чемпионаты	1-орын	3500	3500	
		2-орын	2300	2300	
		3-орын	1100	1100	
8.	Олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем рекордын орнату		5000	3000	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК